

Мемлекеттік мүлікті республикалық меншіктен коммуналдық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 маусымдағы № 378 қаулысы

"Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жылу желілерін республикалық меншіктен "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Астана қаласының әкімдігімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшада көрсетілген мүлікті қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 25 маусымдағы
№ 378 қаулысына
қосымша

Республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілетін мүліктің тізбесі

Р/с №	Объектінің атауы	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Техникалық сипаттамасы
1	2	3	4	5	6
1.	Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауында № 31 көшенің оңтүстігіне қарай Орынбор көшесі бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының клиникалық-оңалту кешені. Жылу желілері	Жылу желілері	м	12,4	2Ду 820/1000 мм ППУ-ПЭ (жерасты)
			м	82,8	2Ду 630/800 мм ППУ-ПЭ (жерасты)

		м	622	2Ду 273/400 ППУ-ПЭ (жерасты)
		м	717,2	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК